



ҚҰРБАН АЙТ - ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ



Коллаж авторы: Г.ЖАНСУЛТАН

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздергі барша мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мейрамды барша мұсылман қауымы асыға күтіп, ізгілікті амалдар жасауға тырысады. Өйткені айт күндері құрбандық шалып, ағайын-туысқа, мұқтаж жандарға қолұшын беріп, қайырымдылық пен қамқорлық жасау әрбір азаматтың парызы саналады.

Бүгінде ислам дінінің ізгілікті құндылықтарының арқасында елімізде берекелі бірліктің негізі қаланып, ынтымақтастық өзінің жарасымды жалғасын тауып келеді.

Сондықтан да бұл мерекенің елдің рухани бірлігін арттырып, татулық пен тұрақтылықты нығайтудағы орны ерекше.

Құрметті жерлестер!

Қасиетті мерекеде әр шаңыраққа амандық құт-береке, молшылық тілеймін! Құрбан айт әр отбасыға шаттық пен қуаныш сыйлап, елімізде татулық пен тұрақтылық мәңгі салтанат құрсын!
Құрбан айт мейрамы құтты болсын!

Азамат МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

АКЦИЯ

ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН...

Өткен сенбиде ауданымызда экологияны қорғау және айналаны таза ұстау мақсатында Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай жалпыұлттық сенбілік ұйымдастырылды.

Сенбілікке аудандық мекеме қызметкерлері, еңбек ұжымдары, еріктілер және аудан тұрғындары белсенді қатысып, айналаны құлақстан арылтып, көркейтуге өз үлестерін қосты.

Аудандық жер қатынастар бөлімінің

маманы Әділет Болатовтың айтуынша, мұндай экологиялық акциялар — отаншылдықтың нақты көрінісі. «Сенбілікке ұжым болып қатысып, айналаны тазалап жатырмыз. Бұл ауданның тазалығына қосқан үлесіміз деп білемін», — деді ол.

Айта кетерлігі, «Тазалық Көгал» мекемесінің мәліметіне сәйкес, сенбілік барысында 2 жүк көлігімен 60 тонна қоқыс шығарылды.

Ауданның таза әрі көрікті болуы үшін атқарылған бұл шара ел азаматтарының экологиялық санасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Суреттер автордікі



Г.ЖУБАНЫШҚАЛИЕВА

* Баспасөз – 2025



«Мақат тынысына» 2025 жылға жазылу жалғаса береді

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке тұлғаға
6 айға - 1638 теңге 26 тиын

Заңды тұлғаға
6 айға - 3359 теңге 20 тиын

Құрметті оқырман!

Өзіңізге қажетті мәліметті "Мақат тынысынан" ғана ала аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын! Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

Газет индексі: жеке тұлғалар үшін – 65574, заңды тұлғалар үшін – 15574



ХАБАРЛАНДЫРУ

«БТ-мұнай» ЖШС, ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 08 шілде 2025ж. сағат 11:00-де Мақат ауданы, Доссор кенті, Г. Сүлейменов көшесі 39, «Доссор» мәдениет үйі ғимаратында «Атырау» учаскесіндегі жергілікті құрылымдардың мұнай-газдылығы перспективаларын бағалау жөніндегі барлау жұмыстары жобасына №1 толықтыруға» ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Zoom Конференция:

<https://us06web.zoom.us/j/84400762788?pwd=iI4l8CoN1Xlp8BFNGB5yaMgmEWVlXXI1>

Конференция идентификаторы: 844 0076 2788, кіру коды: 401705.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «БТ-мұнай» ЖШС-і, Атырау қ., Әйтеке би, 43А, БСН: 130440010882, эл.пошта: moldir_k.s@mail.ru, Кудайбергенова М.С. тел.87755444505.

Жобаны жасақтаушы: КазНИГРИ ЖШС-і, БСН991240001478, эл. info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090-217.



ҰЛТТЫҚ КОНКУРСҚА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Атырау облысы әкімдігі «Мерейлі отбасы-2025» Ұлттық конкурсының бірінші кезеңі қалаалық, аудандық турға құжаттар қабылдайтыны туралы хабарлайды.

Қазақстан Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурстың мақсаты - өнегелі құндылықтарды жаңғырту, балаларды тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, қазақстандық отбасының жағымды имиджін үгіттеу болып табылады.

Конкурс ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидада көрсетілген нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінім аудандық (қалаалық) комиссияға конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның кәмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірме;
- 3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- 6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);
- 7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- 8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуы растайтын құжаттардың көшірмелері.

Конкурсқа қатысуға өтінім беру үшін құжаттар түпнұсқамен тапсырылуы қажет.

Конкурсқа қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын салынған үйімдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар және бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса аламайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім мен құжаттар Атырау қаласы және аудандар әкімдіктерінің Ішкі саясат бөлімдерінде қабылданады.

2025 жылғы 15 мамырдан бастап 2025 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді аудандық (қалаалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдауды жүргізу.

Қабылдаудың соңғы күні — 2025 жылғы 14 маусым. Аудандық (қалаалық) комиссиялардың өтінімдерді 15 маусым -1 шілде аралығында өтінімдерді қарап, облыстық екінші кезеңге өтінім жолдайды.

3 шілде — 17 шілде аралығы қалаалық және аудандық комиссиялардан өтінімдерді қарап, үшінші кезеңге Республикалық комитетке жолдайды.

Іс-шара

«ЖАСӨСПІРІМ» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАСЫ



Жақында ауданда кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында республикалық «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс-шарасы өтті.

Іс-шараның басты мақсаты — жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, қылмыстық әрекеттердің, бейберекет жүріс-тұрыстың алдын алу және оларға қарсы бағытталған қылмыстарды анықтап, дер кезінде әрекет ету.

Іс-шара барысында полиция қызметкерлері, білім беру мекемелерімен бірлесіп, мектептер мен колледждерде профилактикалық әңгімелер, құқықтық сағаттар өткізді.

Сондай-ақ жасөспірімдерге құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, жауапкершілікке тартылуына салдары туралы нақты мысалдар келтірілді.

Мұндай іс-шаралар жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың қауіпсіз ортасын қалыптастыруда және заң бұзуға жол бермеуде маңызды рөл атқарады.

МТ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Эмбаунагаз» АҚ-ы ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Доссор ауылы, Г.Сүлейменова көшесі, 39 үй, «Доссор мәдениет үйі» ғимаратында, 2025 жылдың 11 шілде, сағат 15:00-де, «Доссор мұнайгаз» МГӨБ нысандарының ұңғымаларын салу және кен орындарын игеру кезіндегі әсеріне экологиялық рұқсат алуға арналған өтінімдер пакеті».

Геологиялық бөлу координаттары: СЕ 47° 40' 5,0" ', ШБ 53° 27' 48,0".

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті.

Zoom платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме:

Zoom <https://us06web.zoom.us/j/87212706103?pwd=ETGlaD7gz4N8AaNHjdICChkNJKpLSj.1>

Жеке конференцияның идентификаторы: 872 127 06103. Кіру коды: 4rnHBU.

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)32-55-09, БСН 050140002850.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Эмбаунагаз» АҚ. Атырау облысы, Атырау қ-сы, Уалиханов к-сі, 1. БСН 120240021112, электронды пошта: a.kalibekova@emg.kmg.kz

Жобаны жасақтаушы: «ЭКО НАЙС» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қ-сы, Лесхоз, 14 үй. БСН: 131040011648, 8-701-524-42-19, электронды пошта: ECO NAYS@MAIL.RU.

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады ECO NAYS@MAIL.RU және 87019772110 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

ОБЩЕСТВЕННОЕ СЛУШАНИЕ

АО "Эмбаунагаз" в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, объявляет о проведении общественного слушания в форме открытого собрания по адресу Атырауская область, Мақатский район, Доссорская п.а., п. Доссор, ул. Г. Сулейменовой, д. 39, «Дом культуры Доссор», 11 июля 2025г. в 15:00ч. по проекту: «Заявочный пакет на получение экологического разрешения на воздействие объектов НГДУ «Доссор мұнайгаз» в период строительства скважин и обустройстве месторождений».

Координаты геологического отвода: С.Ш. 47° 40' 5,0", ВД 53° 27' 48,0".

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проводиться общественные слушания: Атырауская область, Мақатский район, Доссорская п.а.

Ссылка для подключения на платформе Zoom:

Zoom <https://us06web.zoom.us/j/87212706103?pwd=ETGlaD7gz4N8AaNHjdICChkNJKpLSj.1>

Идентификатор конференции: 872 127 06103. Код доступа: 4rnHBU.

Проектная документация размещена на едином

экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, а также на сайте управления природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: ГО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», 060011, Атырауская область, г., Атырау, улица Әйтеке би, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)32-55-09, БИН 050140002850.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Эмбаунагаз». Атырауская область, г. Атырау, ул. Валиханова, 1 БИН 120240021112, электронная почта: a.kalibekova@emg.kmg.kz

Проектная организация: ТОО «ЭКО НАЙС». Атырауская область, г. Атырау, Лесхоз, д. 14. БИН: 131040011648, 8-701-524-42-19, электронная почта: ECO NAYS@MAIL.RU.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу ECO NAYS@MAIL.RU также по сот.: 87019772110

Қаперел

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!

Жаз мезгілінің басталуымен бірге өрт қауіпі де арта түседі. Әсіресе, тұрғын секторларға жақын маңдарда от жағу немесе қоқыс өртеу секілді әрекеттер үлкен қауіп төндіреді. Мұндай жағдайларда от орман көшеттеріне, бақша үйлеріне, тұрғын үйлерге, тіпті көлік жолдары мен магистральды газ құбырларына дейін жетугі мүмкін.

Алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай, кейбір азаматтар өрт қауіпсіздігі талаптарын елемей, өздері мен өзгелердің өміріне қауіп төндіреді. Олар құрылыстардың маңында немесе қураған шөптердің арасында от жағып, өрттің туындауына жол береді. Ыстық әрі желді ауа райында оттың таралу қауіпі ерекше жоғары болады. Егер от қараусыз қалса немесе оны балалар бақыласа, бұл қауіп бірнеше есе артады.

Осыған байланысты Мақат ауданының тұрғындарына арнайы ескерту жасалады: өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтаңыздар. Ғимараттар мен

құрылыстардан 50 метрге дейінгі арақашықтықта от жағуға және қоқыс өртеуге тыйым салынады. Сондай-ақ ағаштардың түбінде, қураған шөп пен қамыс арасында от жағуға болмайды.

От жағылған жағдайда оның толық сөндірілгеніне көз жеткізбей тұрып, орнын тастап кетуге мүлде болмайды. Алаудың айналасын алдын ала құрғақ шөптерден, бұта мен қоқыстан тазарту қажет. Жел соғып тұрған жақта ұшқын таралмауы үшін қауіпсіздік шаралары қарастырылып, су толы ыдыс немесе басқа өрт сөндіру құралдары дайын тұруы тиіс. Қоқыс өртелетін болса, бұл



күндізгі уақытта міндетті түрде бақылаумен жүргізілуі керек. Жанып болғаннан кейін міндетті түрде су құйылып, толықтай өшірілуі тиіс.

Өрт оқиғасын байқаған сәтте бірден 101 нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

Өрт — салдары ауыр апат. Оның алдын алу — өрт тұрғынның парызы. Оттан абай болайық!

С.ЕАЕУБАЕВА,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, а/қ подполковнигі

Маман кеңесі

Жігі ішек жұқпалы аурулары (ЖІЖА) — бактериялар, вирустар немесе паразиттер арқылы қоздырылатын, адамның асқазан-ішек жолын зақымдайтын, жиі құсу, іш өту және сусызданумен өтетін қауіпті инфекциялық аурулар тобына жатады.

Бұл аурулар қатарына дизентерия, сальмонеллез, эшерихиоз, холера, ротавирус және басқа да ішек инфекциялары кіреді. Аталған дерттер, әсіресе жаз-күз айларында жиі кездеседі. Себебі бұл кезеңде тағам өнімдері тез бұзылады, таза ауыз су тапшылығы байқалады және гигиеналық талаптар жиі сақталмайды.

ЖІЖА негізінен фекальды-оральды жолмен жұғады. Яғни, бұл аурулар лас қол арқылы, ластанған су мен тағам өнімдері арқылы, жеке бас гигиенасын сақтамағанда және ауру адаммен немесе тасымалдаушымен қарым-қатынас кезінде жұғуы мүмкін. Аурудың негізгі белгілеріне іштің жиі өтуі (сулы немесе қан аралас), құсу, жүрек айну, іштің ауруы, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік және төбеттің төмендеуі жатады. Ауру асқынған жағдайда сусыздану белгілері байқалады: ауыздың құрғауы, көздің шөгуге, зәрдің азаюы.

ЖІЖА-ның алдын алудың тиімді жолдарының бірі — жеке бас гигиенасын сақтау. Атап айтқанда, қолды сабынмен жиі және мұқият жуу,

БАСТЫ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ



Коллаж авторы: Г.ЖАНСҰЛТАН

әсіресе дәретханадан кейін және тамақ ішер алдында, сондай-ақ балааларға гигиена дағдыларын үйрету аса маңызды. Сонымен қатар тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет: тағамдарды дұрыс термиялық өңдеу, тек қайнатылған немесе таза суды пайдалану, шикі және пісірілген тағамдарды бөлек сақтау, көкөністер мен жемістерді мұқият жуу қажет. Қоршаған ортаны санитарлық тазалықта ұстау — індеттің алдын алудағы тағы бір маңызды қадам. Қоқысты уақытылы шығару, дәретханаларды таза ұстау, су көздерін ластамау —

барлығы аурудың таралуын тежеуге көмектеседі.

Сонымен қатар мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер сияқты қоғамдық орындарда санитарлық бақылауды күшейту қажет. Асханаларда, оқу орындарында санитарлық талаптардың орындалуын тексеріп, ондағы қызметкерлердің денсаулық жағдайын тұрақты бақылауда ұстау — жұқпалы аурулардың алдын алудың маңызды бөлігі. ЖІЖА белгілері байқалған жағдайда өзін-өзі емдеуге жол бермей, міндетті түрде дәрігерге жүгіну қажет. Қажет

болған жағдайда науқас арнайы жұқпалы аурулар ауруханасында оқшаулануы тиіс.

Қорытындылай келе, жігі ішек инфекциялары алдын алуға болатын, алайда ескерілмесе қауіпті асқинуларға өкелетін аурулар. Бұл дерттің таралуын болдырмау үшін әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, күнделікті өмірде қарайтын гигиеналық ережелерді сақтауы тиіс. «Таза қол — денсаулық кепілі» екенін әрқашан есте сақтайық.

Г.ТӨЛЕПОВА,
аудандық аурухананың эпидемиолог дәрігері